

Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің агроенеркәсіптік кешені кіші жүйесіне қойылатын талаптарға және оны қалыптастыру бойынша өзара іс-қимыл қағидаларына өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 11 шілдедегі № 98 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 95-бабы 1-тармағының 7-тармақшасына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2021 жылғы 21 мамырдағы № 7 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сұрыптарын сынау және тұқым шаруашылығы салаларындағы заңнамасын біріздендіруге бағытталған шаралар тізбесінің 9-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 31 қантардағы № 18 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің агроенеркәсіптік кешені кіші жүйесіне қойылатын талаптарға және оны қалыптастыру бойынша өзара іс-қимыл қағидаларына өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ол ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы

M. Мясникович

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2023 жылғы 11 шілдедегі  
№ 98 шешіміне  
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің агроенеркәсіптік кешені кіші жүйесіне қойылатын талаптарға және оны қалыптастыру бойынша өзара іс-қимыл қағидаларына енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 1-тармақта "ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының бірыңғай тізілімін, тұқымдық малдар және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы деректер ресурсын, ғылыми-зерттеу әзірлемелері ресурсын қоса алғанда," деген сөздер "осы Талаптардың 11-тармағында көрсетілген" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 11-тармақ мынадай мазмұндағы "з" және "и" тармақшаларымен толықтырылсын:

"з) мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарын өндіру және (немесе) өткізу бойынша қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерінің бірыңғай тізілімі;

и) мүше мемлекеттерде берілген ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сұрыптық және егу (отырғызу) сапалары туралы мәліметтерді қамтитын құжаттардың бірыңғай тізілімі".

3. 12-тармақтың "а" тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарын өндіру және (немесе) өткізу бойынша қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілері туралы;

мүше мемлекеттерде берілген ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сұрыптық және егу (отырғызу) сапалары туралы мәліметтерді қамтитын құжаттар туралы";.

4. 14-тармақ мынадай мазмұндағы "и" және "к" тармақшаларымен толықтырылсын:

"и) мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарын өндіру және (немесе) өткізу бойынша қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілері туралы;

к) мүше мемлекеттерде берілген ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сұрыптық және егу (отырғызу) сапалары туралы мәліметтерді қамтитын құжаттар туралы.".

5. 23-тармақ бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын :

"Мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарын өндіру және (немесе) өткізу бойынша қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерінің бірыңғай тізілімі мүше мемлекеттердің келісілген (үйлестірілген) агрономеркәспіттік саясатты іске асыруға үәкілетті органдары қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы жылдың 1 қанчарындағы жағдай бойынша ағымдағы жылдың 1 ақпанына дейін Еуразиялық экономикалық комиссияға берген мәліметтері негізінде қалыптастырылады.".

6. Мынадай мазмұндағы қосымшамен толықтырылсын:

"Еуразиялық экономикалық  
одақтың интеграцияланған  
акпараттық жүйесі шеңберінде  
Еуразиялық экономикалық  
одаққа мүше мемлекеттердің  
агрономеркәспіттік кешені кіши  
жүйесіне қойылатын талаптарға  
және оны қалыптастыру  
бойынша өзара іс-қимыл  
қағидаларына  
**ҚОСЫМША**

**Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің келісілген (үйлестірілген) агроенеркесінгік саясатты іске асыруға уәкілетті органдарының мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарын өндіру және (немесе) өткізу бойынша қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерінің бірыңғай тізілімін қалыптастыру үшін Еуразиялық экономикалық комиссияға беретін МӘЛІМЕТТЕРІ**

Тұқымдарды өндірушінің және (немесе) өткізушінің атауы, үйымдастыру шылық-құқықтық нысаны, заңды тұлғаны мемлекеттік деректері тіркеу туралы орналасқан жерінің мекенжайы, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке тұлғаның салық төлеушіні сәйкестендіру нөмірі	Тұқымдарды өндірушінің және (немесе) өткізушінің байланыс деректері (орналасқан жерінің телефон нөмірі, электрондық мекенжайы)	Кызмет түрі	Тұқымдарды өндірушінің және (немесе) өткізушінің санаты (мәртебесі)	Тұқымдарды өндіру және (немесе) өткізу жүргізілетін аудио шаруашылығы өсімдіктерінің атауы	Тұқымдарды өндіруші және (немесе) өткізуші санатын (мәртебесін) беру туралы құжаттың атауы, нөмірі, берілген күні	Тұқымдарды өндіруші және (немесе) өткізуші санатын (мәртебесін) беру туралы құжаттың атапталу мерзімі
1	2	3	4	5	6	7

".